



Әнші Әміре туа біткен талантымен 6 жасында ауыл-аймағын, 12 жасында Семей жұртшылығын тандандырды. Есейе келе Семей жастарының «Ес аймақ» мәдени ағарту қоғамының мүшесі бола жүріп орындаушылық өнер жолын бастады. 37 жасында Орынбор мен Қызылордада, Мәскеу мен Парижде ән салды. 39 жасында Германия жұртшылығын әнімен сүйсіндірді. 1934 жылы қарашаның 5-нен 6-на қараған түні 46 жасында бұл дүниеден жарық жұлдыздай ағып өтті.

Әлем жұртшылығы Әміренің әншілігіне зор баға берді.

«Әміре қай әнді айтса да, өзінше кестелеп, қошқар мүйіз салып, үкі маржан тағып алады. Осы бағыты дұрыс, жақсы бағыт дейміз», деп жазды Мұхтар Әуезов.

«Өнге өнер білімінен осыншама мақұрым боп туған Әмірге табиғаттың тамаша биік, тамаша таза, тамаша өрнекті өлшеусіз дауыс бере салуы — адам қайран қаларлық көрініс», — деп пікір айтқан болатын Сәбит Мұқанов.

Сәбит Мұқановтың тағы бір берген бағасында, «Ертеден шапса — кешке озған, ылғидан шапса — төске озған, дегендей, ертеден кара кешке дейін үздіксіз ән шырқаса да айнымай, әрбір әні әнді жана ғана бастағандай мүлтіксіз естіледі» деп жазғаны да Әміренің әншілік қасиетін ұштай түседі. Сол айтылғандай Әміренің дауысы өмірінің соңына дейін күмістей тазалығымен, мұқалмас күштілігімен, тыңдаушысын тәнті етіп, тандандырып өтті.

Алайда, Париж сапарында Әміренің алаш ардагері, Кеңес Үкіметінің ата жауы саналған Мұстафа Шоқаймен жолығуы алдағы тағдырын мүлдем өзгертіп жіберді. Маңдайы тасқа соғылды. ОГПУ назарына ілігіп, ендігі өмірінің қалған 9 жылы құсалықпен өтті.

Мұстафамен байланысы бар деген желеуімен мен шығармашылығына кері әсерін тигізді. Әміренің бастан өткізген осы қиыншылықтарын бірнеше жылдарға бөліп сипаттауға болар еді.

БІРІНШІ: Әміре қудаланды. Кеңестік жүйе орнап, қазақ сахнасында опера, симфония, ұлттық оркестр тәрізді музыка өнері құлпыра бастаған шақта Әміре Қашаубайұлы бәрінен шеттетілді. Атап айтқанда премьерасы 1934 жылдың 7 қарашасында өткен «Қыз Жібек» операсында рөл орындау мүмкіндігінен аластатылды. 1933 жылы Мәскеуден арнайы келген мамандарға берілген күй-табаққа жазылатындар тізіміне енебеді. Жұмыстан шығарылды.

Қазақ халқының әншілік дәстүрін дүниежүзін танытқан Әміре киер киімге, ішпек асқа жарымайтын күйге түсті. Евгений Брусиловскийдің «Париж бен Страсбургтің сахналарында жарық жұлдыздай жарқ етіп көрінген Әміре Қашаубаев сенің адында тұр. Көзі қапталап мөлсін, денесіне тер сіңген, дауысы барлыққан, есейіп пәс адам сол Әміре Қашаубаев па? Әлі де бала маған бірдеңенің дәлелдемек болады... Көп-көрнеу жылап тұр. Бірақ бұл мастықтың әсерінен тоғызған көз жасы емес еді. Жоғалған, алданған өмірдің ащы солығы еді. Қазір даусынан айрылған шағында оның кездесіп, бас қосар адамы да шамалы, оған көңіл

бөліп жатқан ешкім жоқ. Өзінің жалғызсырап қалғанына, елеусіз қалғанына қатты қамығады ол», — деп жазғаны сол тұс болатын. (Е.Брусиловский, Дүйім дүлдүлдер. Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1995 жыл, 78-бет, қазақ тіліне аударған Сапар Байжанов) Е.Брусиловскийдің ашы шындықты жазғаны рас. Бұған Әміре кінәлі емес еді. Кайткен күнде Әміреден құтылудың қамын ойлап, адамды жоспарлы түрде жәбірлеп, мезілік күйге жеткізгендер кінәлі.

1933 жылы Алматыда жаңадан ашылған Ғылыми-зерттеу кабинетінің директоры Ахмет Жұбановқа барып, Әміре: «Әлдеқандай жағдай бола қалса үйдегі қаршатай екі қызыма көз қырынды сала жүргейсің», деп айтқаны да киналып жүргендегі бір сәтін дәлелдей түседі. (Ол кезде Ахмет Жұбанов 27 жаста болатын).

Жалғыздықпен, киналумен, құсалықпен күй кешкен қайран Әміре осылайша өмірден өтті. Шамасы ОГПУ тыңшыларынан сескенген болуы керек, қиынқыстау кезеңдерде достары да жуып қоймаған. Әміренің өлі денесі Алматы көшелерінің бірінен табылды.

Әмірені көзі көрген жазушы Николай Анов «Выдающийся певец» деген мақаласында: «Враги народа, травившие Амре, хотели похоронить славу народного певца в одной могиле с покойником», («Казахстанская правда» газеті, 25 қараша, 1945 жыл) деп жазғаны бар. Яғни, Әмірге у беріп өлтіріп, денесін Алматы көшелерінің біріне тастап кеткен болып шығады.

ЕКІНШІ: Әміре қайтыс болған соң, көп ұзамай Қазақ АССР Халық Ағарту комиссариаты 1934 жылдың 19 қарашасында Қазақ Ұлт театры алуасына Әмірге ескерткіш орнату жөнінде №540 бұйрығын шығарған. Ама! не, бұл бұйрық орындалмады.

ҮШІНШІ: 1974 жылы Әмірге ескерткіш тұрғызу жөнінде екінші рет бұйрық шығарылды. Бұл да орындалмай қалды. Оқиға былай болған еді.

1974 жылдың 21 ақпан күні осы жолдардың авторы Мәскеудегі кинофото құжаттары және дыбыс жазу Мемлекеттік мұрағатының Қырғыз бөлімінен Әміренің 1925 жылы фонографқа түскен «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Бес қарагер», «Бахалаша», «Дуларай», «Смет», «Жалғыз арша» әндерін тауып мәдениетімізде ерекше жаналық ашқаны белгілі. Осы қуаныштан соң іле-шала Әміренің қызы Күләш Қашаубаеваның кеңесімен Дінмұхамед Қонаевтың атына Әміре қабірінің қырық жылдан бері қарусыз жатқаны құлпытас орнату жөнінде хат дайындалды. Хатқа қазақ өнерінің сол кездегі қарлығаштары: Серке Қожамқұ-

лов, Қанабек Байсейітов, Жүсіпбек Елебеков, Әбілмәжін Сапаков, Сапарғали Бегалин, Сара Есова, Әшімбек Бектасов қол қойды. Көп кешікпей бұл жұмыс Қазақ ССР Министрлер Кеңесіне тапсырылып, Әміре мүсінін тұрғызуға 5000 рубль бөлінді. Осы шешім негізінде 1974 жылдың 9 шілдесі күні Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде Әмірге орнатылатын мүсінін жобасы бекітілді. Ескерткіш авторы болып мүсініші Татьяна Андрищенко тағайындалды.

Т.В.Андрищенко өз шеберханасында жыл бойы еңбек етті. Нәтижесінде алты метрлік Әміре тұлғасы дайын болды. Ескерткіш 1978 жылы әншінің туғанына 90 жыл толуына орай жезден құйылады деп жоспарланған. Ама! не мүсін бұл жолы да тұрғызылмады.

ТӨРТІНШІ: Кеңестік кезеңде Әміре жерленген жер жылдар бойы қараусыз қалды.

Алматының Райымбек даңғылы бойында жатқан Орталық зираттағы қабір 1934-1974 жылдар аралығында жермен жексен тапталып, жоғалып кеткен.

1974 жылы Әміренің фонографқа жазылған әндері табылған соң еске алу, құран бағыштау мақсатында әнші жерленген жерді іздеу басталды. Оқиға былай болған еді: Әншіні ақымдап жерлеген

Әмірге арналған кеш. 1974 жыл. Алматы. Жүсіпбек Елебеков, Сапарғали Бегалин, Серке Қожамқұлов, Рахманқұл Бердібаев. Баяндамашы Жарқын Шәкәрім.



Әбілмәжін Сапаков деген ақсақал зират жанындағы терекке бөкімен «Бұл жерде Әміре Қашаубайұлы жерленген» деп жазып кеткен екен. Серке Қожамқұлов, Жүсіпбек Елебеков, Сапарғали Бегалин және мен орталық зираттан төрт күн бойы іздеп таба алмаған кезде осы Әбілмәжін Сапаков араласып, әнші жерленген жерді көрсетіп берді.

Әрине, Әміре зиратынан орны жоқ, тегістеліп кеткен. Осыған да қуанысып, құран бағыштадық. Сол сәттерде Әміре жайлы зерттеу жүргізуіміз екі жағдай септеп болды. Өзгешілігі: «Әміре әндерінің ұнтаспынан тапқан жігіт», деп Әлкей Марғұлан бастаған ұлкендердің маңдайымынан сипап, бата бергендері болды. Екіншісі, дәл сол кезде Қостанайда тұратын Әміренің қызы Күләш Әміреқызы Қашаубаеваның маған деген ерекше мейіп қыласы еді: «Сен енді менің балам болдың, мен үшін өте ыстықсың, Жарқын», деген еді ол әрдайым. Күләш Әміреқызының маған рәхмет атқан мақаласы газет

бетінде де жарық көрді («Қазақ әдебиеті» газеті, 30 қаңтар, 1976 ж.).

Сонымен 58 жыл бойы қарусыз қалған Әміре қабірі басына 1992 жылдың 5 қарашасы күні құлпытас орнатылды. Құлпытасы Қазақ ССР еңбек сіңірген әртістері, әнші Кеңегүл Сыздықова мен зайыбы Дмитрий Гусинхов 60 мың рубль шығарып жеке қаржымен тұрғызды. Осы орайда мына бір жайды еске сала кетейін.

Зираттың ашылу рәсіміне санаулы күндер қалғанда біреулер қабірді қиратып кетті. Бұл жөнінде «Вечерняя Алма-Ата» газетіне «Кошунство на кладбище» деген мақала жарияланды. Онда: «Ұлы әнші Әміренің құлпытасы қиратылды», — деп Алматы халқына тағы бір дүркіртті. Сонда қазақтың Кеңегүлден қайсар қызы намыс-қайратына мінсіп, қалалық әкімшілікке барып жүріп бір апта ішінде зиратты қайтадан қалпына келтірді.

Осы әңгімелер басында атап өткеніміздей 1925 жылы Париж сапарында Мұстафамен кездеске-

нінен басталды десек қателеспеспіз. Біріккен Бас саяси басқарма (ОГПУ) тыңшылары Әмірені үзбей қадағалауға алыпты (тіпті соңына аңдушы қонған кездері болған). Әнші өміріне қауіп төндіріп отырған. Әміре жайлы әңгімелердің қай қыры да ОГПУ деген үрейлі мекемеге келіп тіреледі.

Алайда, Әміре атамның есімі денесімен бірге көрге кетпегені белгілі. Әлем жұртшылығын әнімен тамсандырған Әміре ән әлемінің жарық жұлдызы болып қала бермек. Р.Ролланның, А.Барбюстың, А.В.Луначарскийдің, А.В.Затаевичтің, Е.Г.Брусиловскийдің, С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, А.Жұбановтың, С.Бегалиннің, М.Әлімбаевтың әнші жайлы жазғандары рухын асқақтатты. Қайнекей Жармағамбетов «Әнші ағамат» повесін жазды. Мұқатай Төкжігітов «Ән атасы — Әміре» естелік кітабын, фаністік қоңдагерде күн кешкен ақын Хамза Абдуллин орыс тілінде Әміре жайлы «Қазақса